

Шырғанақ ауылдық округінің Шырғанақ ауылының кейбір атауы жоқ көшелеріне атаулар беру туралы

Алматы облысы Кеген ауданы Шырғанақ ауылдық округі әкімінің 2026 жылғы 17 маусымдағы № 13 шешімі

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабының 4) тармақшасына сәйкес, Шырғанақ ауылдық округінің Шырғанақ ауылы халқының пікірін ескере отырып және Алматы облысының ономастикалық комиссиясының 2026 жылғы 29 сәуірдегі қорытындысының негізінде

ШЕШТІМ:

1. Шырғанақ ауылдық округінің, Шырғанақ ауылының атауы жоқ көшелеріне келесі атаулар берілсін:

атауы жоқ көшесіне – "Саламатов Дәукен" көшесі;

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Шырғанақ ауылдық округінің әкімі

Р.Уәлиұлы